

ПРАКТИКА

Тапсырма 1.

Сандарды стандарт түрінде жазыңыз:

1. $2400 = \square \cdot \square \square$

2. $8\,600\,000 = \square \cdot \square \square$

3. $0,982 = \square \cdot \square \square$

4. $0,000\,000\,082 = \square \cdot \square \square$

Дескриптор Оқушылар

- жауабын стандарт түрде жазады.

Тапсырма 2.

Юпитер планетасының салмағы – $79\,600\,000\,000\,000$ кг, ал Сатурн планетасы – $400\,000\,000\,000$ кг. Екі планетаның салмағының қосындысы қанша? Жауабын стандарт түрде жаз.

Жауабы: $\square \cdot \square \square$ кг.

Дескриптор Оқушылар

- Планеталардың массасын стандарт түріне келтіреді;
- сандарды қосуды орындайды;
- жауабын стандарт түрде жазады.

Тапсырма 3.

Сандарға амалдар қолданыңыз. Жауабын стандарт түрде жазыңыз.

a) $(9 \cdot 10^2) \cdot (1,5 \cdot 10^{-5}) = \square \cdot \square \square$

b) $\frac{1,3 \cdot 10^5}{1,5 \cdot 10^{-3}} = \square \cdot \square \square$

c) $(9,7 \cdot 10^6) + (8,3 \cdot 10^5) = \square \cdot \square \square$

d) $(8,41 \cdot 10^{-5}) - (7,9 \cdot 10^{-6}) = \square \cdot \square \square$

Дескриптор Оқушылар

- сандарды көбейтуді орындайды;
- сандарды бөлуді орындайды;
- сандарды қосуды орындайды;
- сандарды азайтуды орындайды;
- жауабын стандарт түрде жазады.

Тапсырма 4.

Мәселені шешіңіз:

- Жасыңыз нешеде?- деп сұрады Дымбілмес әкесінен.

Әкесі жауап берді:

- Менің жасымды табу үшін $3 \cdot 10^4$ санын 600 санына көбейту керек және алынған көбейтіндіні $0,5 \cdot 10^6$ санына бөлу керек. Сонда менің жасымды табасың.

Дымбілместің әкесі неше жаста?

 .

Дескриптор Оқушылар

- сандық өрнек құрады;
- көбейтуді орындайды;
- бөлуді орындайды;
- жауабын табады.

Тапсырма 5.

Кислород атомының массасы: 0, 000 000 000 000 000 000 000 02662 г. Стандарт түрде жаз.

$26,62 \cdot 10^{-24}$ г

$2,662 \cdot 10^{-23}$ г

$266,2 \cdot 10^{-25}$ г

$0,2662 \cdot 10^{-22}$ г

Дескриптор Оқушылар

- жауабын стандарт түрде жазады.

Тапсырма 6.

0,0019 санын стандарт түрде анықтап, ретін (дәрежесін) тап.

-3

-4

4

3

Тапсырма 7.

$\frac{1}{5} \cdot 10^{-7}$ санын стандарт түрде жаз.

$2 \cdot 10^{-7}$

$2 \cdot 10^{-5}$

$2 \cdot 10^{-8}$

$2 \cdot 10^{-6}$